

**Ырғыз аудандық мәслихатының 2019 жылғы 18 қарашадағы № 251 "Ырғыз ауданы бойынша азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2021 жылғы 21 желтоқсандағы № 85 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 24 желтоқсанда № 26018 болып тіркелді

Ырғыз аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ырғыз аудандық мәслихатының "Ырғыз ауданы бойынша азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы" 2019 жылғы 18 қарашадағы № 251 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6474 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Ырғыз ауданы бойынша азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы";

көрсетілген шешімнің 1 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Ырғыз ауданы бойынша азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандарға аудандық бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Ырғыз аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) жүктелсін.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК